

Орман қорының жекелеген жер учаскелерін басқа жер санаттарына ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 18 тамыз N 1195

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер туралы" заң күші бар Жарлығына U952717_ сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ақсу қаласы аумағындағы Павлодар орман шаруашылығының орман қорындағы ауданы 0,69 га (оның ішінде 0,55 га орманды) жер учаскесін өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және басқа ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жерлерге ауыстырылсын және ол заңдарда белгіленген тәртіппен "Ақсу - Конечная" теміржол жүйесінің құрылысы үшін Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына берілсін, оның ішінде:

- 1) тұрақты пайдалануға 0,36 га;
- 2) уақытша пайдалануға 0,33 га (1,5 жыл мерзімге).

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскесін уақытша пайдалану мерзімі өткеннен кейін, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен жер учаскесін орман қорының құрамына ауыстыру туралы ұсыныс енгізсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі